

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
15.01.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 15.01.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев мырзаға беріледі.

Нұрлан Асқарұлы тағайындалғаннан кейін бірінші рет Мәжіліске келіп отыр. Барлық әріптестеріміздің атынан Сізді, Нұрлан Асқарұлы, құттықтаймыз және жаңа жұмысыңызға табыс тілейміз.

НОҒАЕВ Н.А. Рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

НОҒАЕВ Н.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Өздеріңіздің қолдауларыңызбен қазіргі уақытта елді мекендерді газдандыруға баса назар аударылып отыр. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырын салу магистральдық құбырдың бойында орналасқан елді мекендерді газдандыруға, оның ішінде Байқоңыр қаласына қазақстандық газды жеткізуге мүмкіндік берді.

Байқоңыр қаласы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылатынын атап өту қажет. Бұл ретте «Байқоңыр» кешені жалға берілген кезеңде, яғни 2050 жылға дейін Байқоңыр қаласына Ресей Федерациясының федеральдық маңызы бар қаласы мәртебесі беріліп отыр. Осыған байланысты Байқоңыр бойынша өзара қарым-қатынастар екі мемлекеттің де заң құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылғы 3 сәуірдегі Ресей Федерациясына ресми сапары аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге қол қойылды.

Келісім «Байқоңыр» кешенін газбен қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін айқындауға бағытталған және тұтынушыларды сұйытылған мұнай газынан табиғи газға көшіруді көздейді.

Бұған дейін Байқоңыр қаласын газбен, яғни сұйытылған мұнай газы немесе пропан-бутанмен жабдықтау үшін ресейлік «Газовое хозяйство» кәсіпорны жауапты болған, ол сұйытылған мұнай газын Ресей Федерациясынан жеткізіп отырған.

Байқоңыр қаласы әкімшілігінің ақпараты бойынша сұйытылған мұнай газының бағасы 343 теңге килограммына немесе текше метрге шаққанда 714 теңгені құрайды.

Үкіметаралық келісімге сәйкес «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамына қала аумағында және «Байқоңыр» ғарыш айлағында табиғи газды өткізу құқығы беріледі. Осы қызмет ресейлік салық органдарында тіркелмей жүзеге асырылады, бұл қосарланған салық салуға жол бермейді.

Келісімде Байқоңыр қаласының аумағында табиғи газды бөлшек саудада өткізу бағасы Қызылорда облысының газ тұтынушылары үшін Қазақстан Республикасының монополияға қарсы органы белгілейтін бағаға сәйкес келуі тиіс деп бекітілген.

Бүгінгі күні Байқоңыр қаласы және Қызылорда облысындағы табиғи газдың бөлшек бағасы тұрғындар үшін – 1 текше метрі 18,6 теңге, заңды тұлғалар және бюджеттік ұйымдар үшін – 1 текше метрі 18,9 теңгені құрайды, қосымша күн салығын есептегенде.

Байқоңыр қаласында бір пәтер тамақ әзірлеу үшін орташа 3-4 текше метр сұйытылған газын (немесе шамамен 6-10 текше метр табиғи газ) тұтынады және 1 мың 700 – 2 мың 600 теңге арасында ақша төлейді.

Табиғи газды қосқан жағдайда, тұрғындар осы көлемдегі газды тұтынғаны үшін 111 – 186 теңге төлейді, бұл сұйытылған мұнай газынан 16 есе арзан.

«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы мен «Газовое хозяйство» кәсіпорнының бірлескен жұмысының нәтижелері бойынша қазіргі уақытта Байқоңыр қаласының барлық көпқабатты секторы, яғни 328 тұрғын үй, 150 жеке үйдің 45-і табиғи газға қосылды. Сондай-ақ қазақстандық әлеуметтік объектілер: 3 балабақша, 5 жалпы білім беретін мектеп және көпбейінді аурухана да табиғи газға қосылған.

Жаңа тұтынушылар пайда болған жағдайда, газ құбырларының өткізу мүмкіншілігі оларды да табиғи газға қосуға мүмкіндік береді.

Осы келісім тұрғындар үшін коммуналдық қызмет шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, себебі сұйытылған газға қарағанда табиғи газдың құны айтарлықтай арзан.

Бұдан басқа, Байқоңыр қаласында газды бөлу инфрақұрылымы салыстырмалы түрде жаңа 2015 – 2016 жылдарда «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы инвестициялық бағдарлама шеңберінде салды. Бұл желілерді ұзақмерзімді сенімді және қауіпсіз пайдалануға кепілдік береді.

Жалпы, келісімді ратификациялау мынадай басымдықтар береді:

Байқоңыр қаласының тұтынушылары, оның ішінде шамамен 60 пайызы қазақстандық азаматтар, қолжетімді, қымбат емес және экологиялық таза отын – табиғи газбен тұрақты қамтамасыз етіледі;

Байқоңыр қаласында газ жеткізуді «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы жүзеге асырады, ол сондай-ақ газбен жабдықтау жүйелерін қауіпсіз пайдалану үшін жауап береді;

газ жеткізу шарттарын жасасу, баға белгілеу, өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері тек Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Ресей Федерациясы тарапынан келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдер толығымен орындалды.

Келісім Қазақстан тарапының мүдделеріне толық жауап беретінін және жалпы Байқоңыр қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер беретінін ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Омарбекова Жұлдыз Қажыкенқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Келісімнің 3-бабына сәйкес Байқоңыр қаласының аумағында газды бөлшек саудада өткізуді газбен жабдықтаушы ұйым жүзеге асырады, сондай-ақ ол газды «Байқоңыр» ғарыш айлағының аумағында да өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

Қаланы газдандыру толығымен аяқталды, алайда «Байқоңыр» ғарыш айлағын газдандыру мәселелері әлі күнге шешілген жоқ. Осы мәселе болашақта қандай шешімін табады және оның экономикалық болжамдары қандай? Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет. Өте орынды сұрақ.

Бұл келісім «ҚазТрансГаз Аймаққа» газ өткізуге құқық береді, міндеттемейді. Қазіргі таңда ғарыш айлағы Ресей Федерациясының меншігінде, жалға алынған. Сондықтан газ құбырын салған кезде ғарыш аймағын газдандыруға қажет шаралардың барлығы қарастырылды. Егер Ресей тарапы ғарыш аймағын газдандырамыз деген ниет білдіретін болса, онда тариф бойынша шартты, басқа да техникалық шарттарды келісе отырып өткізуге біз дайынбыз. Қазіргі таңда Ресей тарапынан «Росткосмостан» ондай ұсыныс түскен жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Нурлан Аскарлович, вопрос, наверное, к Вам и Министерству индустрии и инфраструктурного развития. Вопрос связан с безопасностью эксплуатации системы газоснабжения города.

Вы только что в докладе сказали, что россияне занимались сжиженным газом. Уже с 19 октября «КазТрансГаз Аймақ» принял в управление сети,

которые были построены за счет Республики Казахстан. Вот с этого периода кто осуществляет контроль? Как в будущем будет организовывать контроль? Там же существует специальный пропускной режим на территорию города. Понятно, что там подразделений нет. Вы только что сказали, что в соответствии с законодательством будет осуществляться контроль. Как это будет все организовано и как сегодня организовано, если мы уже с 19 октября там? Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Спасибо за вопрос, Альберт Павлович.

Как я отметил в своем докладе, российское предприятие «Газовое хозяйство», которое эксплуатировало и занималось обеспечением поставки и реализации сжиженного газа, прекратило свою деятельность, сейчас рассматривается принятие на баланс «КазТрансГаз Аймак» всех сетей и необходимого оборудования. У «КазТрансГаз Аймак» есть аварийно-диспетчерские службы, которые осуществляют безопасную, безаварийную, бесперебойную подачу газа и обслуживание сетей. Вместе с тем, в статье 9 соглашения, если не ошибаюсь, отмечено, что безопасное обслуживание будет производиться согласно законодательству Казахстана.

При Министерстве индустрии и инфраструктурного развития есть Комитет по промышленной безопасности. Этим комитетом «КазТрансГаз Аймак» аттестован на ведение тех работ, которые необходимы при вышеперечисленных условиях (бесперебойное, безопасное и безаварийное обеспечение газом). Эта функция на сегодняшний день решена.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Аманияз Касымович Ержанов, пожалуйста.

ЕРЖАНОВ А.Қ. Спасибо.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемый Альберт Павлович! Уважаемые депутаты! Нурлан Аскарлович практически уже ответил на вопрос.

Государственный контроль за деятельностью газоснабжающей организации «КазТрансГаз Аймак» будет осуществлять Департамент промышленной безопасности по Кызылординской области нашего министерства, а государственный контроль за безопасную эксплуатацию газопотребляющих систем и газового оборудования будет осуществлять Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства акимата Кызылординской области. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Аманияз Касымович.

Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Біз қазір келісімді ратификациялау рәсімінен өткізуді қарап жатырмыз. Одан кейін Сенатта қаралады. Бұл келісім әлі күшіне енген жоқ. Мәліметке қарасақ, осы келісімге сәйкес Байқоңырдағы барлық көппәтерлі үйлер табиғи газға ауыстырылған. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Егер бұл күшіне енбесе, сонда ол жұмысты атқаруға қандай құжат негіз болды? Және ол жерде газды тұтынушылар қандай бағамен алып жатыр? Орташа бағамен салыстырғанда ол көп пе, аз ба? Рақмет.

НОҒАЕВ Н.А. Рақмет.

Келісімде атап өтілген. Бұл келісім ратификацияға өткенге дейін алдын ала жұмыстар жүргізіле береді. Мен атап өттім, қазіргі таңда 328 көпқабатты үй, 45 бір қабатты үй және әлеуметтік нысандар өткізілді. Мұның негізі Қызылорда облысының аумақтық даму стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері Үкіметпен бекітілген. Соған сәйкес елді мекендерді газдандыру көзделген.

Қазір Байқоңыр қаласында 74 мың адам тұрады, соның 60 пайызы казахстандық азаматтар. Атқарылған істердің барлығы ең алдымен Ресей мен Қазақстанның арасындағы мәңгі достық жөніндегі келісімге негізделген және 2016 жылы Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Мамин мырза мен «Роскосмостың» басшысы Рогозиннің арасында қабылданған келісімге сәйкес жүргізілген. Және берілетін газдың бағасы бұл Қызылорда облысы тұрғындарының тұтынатын газының бағасына сәйкес келеді, яғни жеке тұлғаларға 18,6 теңге, заңды тұлғаларға 18,9 теңге қосымша құн салығын есептемегенде.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтебаев Сәкен Нуриұлына беріледі.

ӨТЕБАЕВ С.Н. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Нурлан Аскарлович! Благодаря данному соглашению население города Байконыра будет обеспечено природным газом, который (как Вы сказали) в шестнадцать раз дешевле ранее используемого сжиженного бытового газа. Соответственно, стоимость коммунальных услуг для населения уменьшается. При этом мы подаем газ только для бытового потребления, например, для приготовления пищи, а отопление осуществляется за счет угля. Хотя технологически и логически было бы правильно отопление города перевести также на природный газ.

В связи с этим скажите, пожалуйста, каковы перспективы по переводу ТЭЦ города Байконыра на природный газ? Спасибо.

НОҒАЕВ Н.А. Спасибо. Вопрос резонный.

Я в своем докладе отметил, что пропускные способности газопровода позволяют газифицировать дополнительные объекты. При строительстве было оставлено ответвление на случай, если российская сторона изъявит желание газифицировать ТЭЦ. На сегодня ТЭЦ города Байконыра использует жидкий мазут, который завозится Российской Федерацией. ТЭЦ находится на балансе Российской Федерации. Если Российская Федерация (в частности, «Роскосмос») изъявит желание газифицировать ТЭЦ, то у нас все технические возможности есть. Мы готовы это сделать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрлан Асқарұлы! Осы келісімге сәйкес Байқоңыр қаласының тұрғындары және объектілері табиғи газбен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар Қызылорда облысының Қармақшы ауданына қарайтын Төретам кенті мен Ақай ауылы осы Байқоңырмен шекарасы жанасып жатыр және онда, жалпы алғанда, 15 мың тұрғын тұрады.

Айтыңызшы, осы Төретам мен Ақай елді мекендерін газбен жабдықтаудың жай-күйі қазір қалай? Оған қаражат көзделіп отыр ма? Егер көзделіп отырса, осы елді мекендерді газдандыру қай уақытта жүргізіледі және қай уақытта бітеді?

НОҒАЕВ Н.А. Сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі таңда елімізді газдандыру 51,5 пайызды құрайды. Оның ішінде газдандыру әрқелкі, мысалы, 99 пайыздан жоғары газдандырылған облыстар бар, ол батыс өңірлерде және Алматы қаласында.

Елді мекендерді газдандыру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады. Егер біздің министрлікке Қызылорда облысынан бюджеттік өтінім түсетін болса, сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамалары түсетін болса, онда біз түскен бюджеттік өтінімдерді саралап, Республикалық бюджеттік комиссияға енгіземіз. Егер ол жерде қолдау табатын болса, онда сіздердің алдарыңызға қаражат бөлу мәселесі бойынша келеміз.

Негізі техникалық мүмкіншіліктері бар. Мен жаңа әріптесіңізге жылу орталығын газдандыру мәселесі бойынша айтып өттім. Ол жерге біз түбекті шығарып кеттік. Егер екі елді мекенді де газдандырамыз дейтін болса, онда толық техникалық мүмкіншіліктер бар.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жоғары білікті маман, тәжірибелі министрдің баяндамасы да, жауаптары да толық. Рақмет, Нұрлан Асқарұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Сейдуманов Серік Тұрарұлына беріледі.

СЕЙДУМАНОВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісім 2019 жылғы 3 сәуірде Мәскеуде жасалды.

Заң жобасының негізгі ережелерін Энергетика министрі Нұрлан Асқарұлы Ноғаев баяндап берді.

Министрдің баяндамасында аталып өткендей, келісімнің негізгі мақсаты «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтаудың құқықтық негіздерін айқындау болып табылады.

Заң жобасын іске асырудың Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін оң әсері болады деп есептейміз, өйткені келісімді іске асыру тұтынушыларды табиғи газға кезең-кезеңімен көшіруді көздейді және оның бағасы айтарлықтай арзан болады. Байқоңыр қаласының тұрғындары мен өңірдің өзге де тұтынушы топтары оның экономикалық тиімділігін көреді.

Құрметті әріптестер, Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатына жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Тұрарұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Дәстүрлі энергия көздері ішінде табиғи газ экологиялық және экономикалық жағынан тиімді отын ресурсы болып табылады. Қазақстан бай газ қорына ие және газ саласын дамытуға ерекше көңіл бөледі.

Қазіргі уақытта елімізде өңірлерді газдандыру бойынша кең ауқымды және жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қарашадағы қаулысымен бекітілген газдандырудың бас схемасына сәйкес елді газдандыру деңгейін ағымдағы 49 пайыздан 2030 жылға қарай 56 пайызға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар мемлекет еліміздің елді мекендерін, атап айтқанда Байқоңыр қаласын газдандыру жобаларын дамытуға үлкен көңіл бөліп отыр. Бұл ретте 2050 жылға дейінгі екі ел арасындағы келісім бойынша жалға беру кезеңінде Ресей Федерациясының федералдық маңызы бар қала мәртебесіне ие Байқоңыр Қазақстанның ерекше бір бөлігі екенін атап өту қажет. Осыған байланысты «Байқоңыр» кешені шеңберіндегі өзара қарым-қатынастар екі мемлекеттің юрисдикциясын қозғайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы қаралып отырған бұл келісім «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтаудың құқықтық негіздерін айқындауға бағытталған.

Келісімде тұтынушыларды сұйытылған газдан табиғи газға кезең-кезеңімен көшіру көзделіп отыр. Табиғи газ қауіпсіз және пайдалануда ыңғайлы.

Байқоңыр қаласында барлығы 20 мың абонентті, 300-ден астам көппәтерлі тұрғын үйді табиғи газға қосу жоспарланған.

Бұл Байқоңыр қаласының негізінен аэроғарыш саласында және сонымен байланысты өндірістерінде жұмыс істейтін тұрғындарына барынша қолдау көрсетуге бағытталған.

Табиғи газға көшіру тек Байқоңыр қаласының тұрғындарына ғана емес, сондай-ақ өндірістік ғимараттарға, әкімшілік сектор мен кәсіпкерлік субъектілеріне де оң әсер етеді.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға мүмкіндік бермейді және мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескеріп заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет Сізге, Сапар Қайратұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ.

Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101 депутат, «жақтағандар» – 101 депутат. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: құжаттаманың қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Аманжол Н. Шайбағдаров.*